

ТАҚЫРЫП 4. КОРПОРАЦИЯНЫҢ АЙНАЛЫМ КАПИТАЛЫН БАСҚАРУ

1. Айналым капиталының экономикалық мәні мен әртараптандырылуы;
2. Айналым құралдарын нормалаудың әдістері;
3. Айналым капиталын қалыптастыру қайнар көздері;
4. Өзіндік айналым капитал;
5. Айналым капиталды қолданудың экономикалық тиімділігі.

1.

Экономикалық мәні бойынша айналым капиталы дегеніміз өндіріс процессі мен өнімді сатуды үзіліссіз іске асыру мүмкіндігін қамтитын және өз натуралды-заттық пішінін өзгерте отыра шаруашылық айналымда жүретін өндірістік айналым қорларды қалыптастыру үшін жоспарлы авансталатын ақша құралдарының жиынтығы.

Кесте 1 - Айналым капиталының әртараптандырылуы

№	Топ	Құрамы
1	Өндіріс процессіндегі функционалды рөлі	<ul style="list-style-type: none">▪ өндірістік айналым қорлары;▪ айналыс қорлары
2	Бақылау, жоспарлау және басқару тәжірибесі	<ul style="list-style-type: none">▪ нормаланатын;▪ нормаланбайтын
3	Айналым капиталды қалыптастыру қайнар көздері	<ul style="list-style-type: none">▪ Өзіндік;▪ қарыз
4	Өтімділік	<ul style="list-style-type: none">▪ абсолютті өтімді айналым құралдары;▪ тез іске асырылатын айналым құралдары;▪ баяу іске асырылатын айналым құралдары
5	Капиталды тәуекелділігінің деңгейі	<ul style="list-style-type: none">▪ минималды тәуекелділікпен;▪ шамалы тәуекелділікпен ;▪ орташа тәуекелділікпен;▪ жоғары тәуекелділікпен
6	Материалдық - заттық мәні	<ul style="list-style-type: none">▪ еңбек заттары;▪ дайын өнім;▪ ақша құралдары;▪ есептегі ақшалар

Айналым капиталдың негізгі қызметтері келесіде:

- өндірістік - өндіріс процессін үзіліссіз ақшалай қамтамасыз ету;
- есептік-төлемдік.

Айналым құралдарын ұйымдастырудың негізгі дәйегілері:

- нормалау - өзіндік айналым құралдардың көлемін экономика тұрғысынан бекіту және сонымен қатар өндірістік және есептік-төлемдік қызметті қамту;
- айналым құралдарын мақсатты қолдану;
- айналым құралдарының рациональды қолдануын және айналымдылық қарқынын сақтауды қамту.

Өндірістік босалқы қорлар - өндірістік процессте қолданылатын еңбек құралдарының жиынтығы. Олар өндірістік процеске бір рет қатысып, өз құнын өндірілген өнімге, жасалған жұмысқа және атқарылған қызметке ауыстырады.

Өндірістік босалқы қорлар:

- 1)Өндіріс процессіндегі функциональды орыны бойынша (негізгі және көмекші);
- 2)Техникалық сипаты бойынша (сорт, размер, марка, профиль және т.б.)

Дебиторлық берешек

ДБ басқаруға келесілер жатады :

- ДБ қалыптасуы мен жағдайын бақылау;
- сатып алушылар мен өнім түрлерінің түрлі топтарына несиені беру саясаты мен инкассациялау саясатын (несиелік саясат);
- Клиенттерді талдау және бөлу (несиелік тарихы бойынша);
- Ұзартылған және уақытында төленбеген берешектер бойынша дебиторлардың есептерін бақылау (ДБ ескіру реестрлері бойынша);
- Дебиторлардан түсетін ақшаларды болжау (инкассация еселіктері негізінде);
- Қарыздарды талап ету қарқынын және менімсіз қарыздарды азайту тәсілдерін анықтау.

Кәсіпорынның ДБ көлеміне келесілер әсер етеді:

- Сатулардың жалпы көлемі және ондағы сатудан кейін төлемдер шарттарының негіздеріндегі іске асырудың үлесі;
- Сатып алушылар мен тапсырушылармен есеп айырысу шарттары;
- ДБ талап ету саясаты;
- Сатып алушылардың тәртібі.

Ақшаны басқару модельдері

Кез келген қаржы менеджерінің негізгі мақсаты - фирманың дамуын және міндеттемелерін қамтамасыз ететін ақша құралдарының болашақ босалқы қорларының көлемін нақты болжау.

Осы мәселені шешуде қолданылатын тарихи қалыптасқан әдістер – пропорцияларды болжамдау әдісі, пайдалылық әдісі және Баумоль моделі.

- ▣ Пропорцияларды болжамдау әдісі – компания ақшалай түрде сатудан белгілі бір пайызды ұстау керек. Әдетте, бұл сала бойынша орташа көрсеткіш.
- ▣ Анықталған пайдалылық әдісі - «кассалық қалдықтың нолдік нүктесі» және ақша құралдарының жиынтық түсімі жиынтық шығынына тең сату көлемін сипаттайды.

Өкінішкі орай, екі әдіс та ақша құралдарын сақтау құнын есепке алмайды. Бұл Баумоль, Миллер-Орр, Стоун және и Монте-Карло имитациялық модельдеуінде қарастырылған.

Баумоль моделінің көмегімен нақты шарттарда сақтауға болатын компанияның ақша құралдарының оптималды саны анықталады. Бұл модель бойынша ақшаны сақтаудың орнына нарықтық құнды қағаздар мен пайыздық депозиттарды қолдану қарастырылады.

- ▣ Баумоль моделі келесілерге негізделеді:
 - Әр мерзімдегі ақша құралдарына сұрасын белгілі және «Ақша бірлігіне тең»;
 - ақша қалдығы бірдей қолданылады;
 - төлем талаптары міндетті түрде уақытында орындалады;
 - активтерді ақшаға аудару трансакциялар «с» ақшалай бірлігіне тең және тұрақты;
 - ақшаның альтернативті құны «v» мерзімдегі облигациялар бойынша жойылған пайызға тең.

Осы шарттарда, ақша құралдардың оптималды қалдығы келесі формула арқылы анықталады:

$$M = \sqrt{2 \cdot c \cdot D / V}$$

2.

Тәжірибеде айналым құралдарын нормалаудың 3 әдісін қолданады:

1) **аналитикалық** - тауар-материалдық құндылықтарды талдау негізінде арасынан залалдық құндылықтарды анықтау;

2) **коэффициенттік** - өндіріс көрсеткіштерінің өзгерістеріне сәйкес өзіндік айналым құралдарының нормативтерін анықтау;

3) **тік есептеу әдісі** – нормаланатын айналым құралдарының әр элементі бойынша ғылыми негізделген есептеу.

3.

Айналым капиталын қалыптастырудың дәстүрлі қайнар көздерін келесідей бөлуге болады :

- Өзіндік қайнар көздер — өзіндік капитал;
- өзіндік құралдарға теңестірілген құралдар;
- тұрақты пассивтер;
- қарыздық қайнар көздер — банктердің қысқамерзімді несиелері;
- тауар несиелері;
- тартылған құралдар — кәсіпорынның кредиторлық қарызы.

Кәсіпорынның қаржылық потенциалының негізін өзіндік капитал құрайды:

- Жарғылық капитал;
- Өзіндік акциялар;
- резервтік капитал;
- Қосымша капитал;
- Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал),
- Мақсатты қаржыландыру құралдары (заңды тұлғалар мен мемлекеттің бюджеттік ассигнованиялар түріндегі ақшалары).